

«Ақсу негізгі орта мектебі» КММ

2024-2025 оқу жылындағы ата-аналармен өткізілген жылдық жоспардың
Анықтамасы

Ақсу негізгі орта мектебінде Ақпан айында мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі Қыдырбаева А.Ж ата-аналар арасында «Бала тәрбиесіндегі ата – ананың рөлі» атты дөңгелек үстел өткізді.

Мақсаты: ата - ана мен бала арасындағы сенімді сыйластықты, бір - біріне деген сезімді нығайту. Ата-ана - отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері екенін ескеріп, мектеп, ата-ана, ұстаз болып бірігіп, сапалы білімді, саналы тәрбиелеу. Ата - ана мен бала арасындағы сенімді сыйластық әрекетінің мақсаты айқындалады, баланың бас ұстазы ата - ана екенін түсінеді, бір - біріне деген сезім нығайады. Ата-аналар дөңгелек үстелге белсене қатысты. Жаксы - жаман болса бала солардан», - деген Жүсіп Баласағұнның сөзімен дөңгелек үстелді аяқтады. Және де ақпан айында Тәрбие отбасынан басталады атты баянда оқыды.

Наурыз айында « Қазақтың ою – өрнектері» атты көрме ұйымдастырды.

Мақсаты: Іс –шараның мақсаты-қазақ халқының бай мұрасы саналатын ұлттық ою-өрнек түрлерін насихаттау ұлттық ою-өрнек түрлерімен таныстыру және бейнелеу. Ата-аналар қызығушылық танытып көрмеге белсене ат салысты.

Сәуір айында А.Ж. Қыдырбаеваның ұйымдастырылуымен «Табиғатты аялайық» атты ата – аналармен бірлескен жұмыс ұйымдастырылды. Ата-аналар мен балалар табиғатты қорғау туралы әңгімелесті, шығармашылық жұмыстар орындап , аула тазалау және ағаш отырғызу сынды экологиялық акцияларға қатысты.

Мақсаты: Табиғатты қорғауға, елін, жерін сүйуге, мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу, экологиялық тәрбие беру, Табиғат-Анаға сүйіспеншілікпен қарауға жетелеу.

Мектеп директорының м.а. Исбусинова А.Б

